


«Келісілді»
«Ішкі саясат бөлімі» ММ
Павлодар қаласының
басшысы


_____ А. Сәрсенбаева
" " _____ 2021 жыл

Бекітемін
«Павлодар дарыны»
БУКБДЛО МҚКК
басшысы


_____ А.Л. Мухаметжанова
« » _____ 2021 ж.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты алдын алу аясында 9-11 сынып оқушылары арасында «Заң, әділеттілік және ақыл-ой» оқушылардың қалалық дебаттық турнирін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында облыстық дебат турнирін (бұдан әрі – Турнир) өткізу ережелері Турнирдің мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Ережеде қолданылатын ұғымдар:

- 1) бэллет – ойын қорытындылары жазылған төреші парағы;
- 2) кейс – шешімді талап ететін нақты фактілерге негізделген мәселелік жағдайдың сипаттамасы;
- 3) ребатл – қарсыластың сөздерін теріске шығару, қарсы аргументтер мен фактілер келтіру;
- 4) резолюция – дебаттағы пікірталас мәселелерінің негізгі тақырыптары;
- 5) тайм-кипер – бұл спикерлердің сөз сөйлеу уақытын белгілей отырып, ойын ережесінің сақталуын қадағалайтын адам;
- 6) флоушит – ойын барысында ойыншылардың ақпаратын толтыратын төреші парағы.

3. Турнирдің мақсаты:

Білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өзінің және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жариялы талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

4. Турнирдің міндеттері:

- 1) оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру, қоғамдық-саяси, құқықтық тақырыптарда пікірталас жүргізу мәдениетін дамыту
- 2) қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын,

нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;

3)білім алушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау және шешудегі жауапкершілік, қатысушылық сезімін қалыптастыру;

4)педагогтерді балалар мен жастарды өзекті қоғамдық саяси тақырыптарды талқылауға тарту, азаматтық көзқарастарын дамыту және конструктивті диалог пен пікірталасты жүргізу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жандандыру;

5) оқушылар мен студенттер арасында интеллектуалды жарыстар мен конструктивті пікірталастарды насихаттау, дебаттық клубтар мен педагогтер арасында тәжірибе алмасуға ықпал ету.

5. Турнир қашықтық форматта немесе дәстүрлі форматта (эпид-ке байланысты) өткізіледі.аймақтың жағдайы).

6. Турнир ұйымдастырушылары турнирдің ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Турнир ұйымдастырушылары

7. Турнир ұйымдастырушылары:Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» (әрі қарай –«Павлодар дарыны» БУҚБДДО КМҚК) және «Павлодар қаласының ішкі саяси бөлімі» ММ.

3. Турнирді өткізу уақыты мен орны

8.Турнирдің қалалық кезеңі қашықтық форматта немесе дәстүрлі форматта (эпид-ке байланысты) өткізіледі.аймақтың жағдайы).

9. Мектеп директорының қолы қойылған турнирге қатысуға өтінімдер 1-қосымшаға сәйкес электрондық поштаға жіберіледі metoddaryn@mail.ru. Excel форматында электронды және сканерленген

4. Турнирге қатысушылар

10. Турнир екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) –

2) екінші кезең – қорытынды.

11. Мектеп оқушылары Турнирінің іріктеу кезеңдерін өткізу уақыты мен орны қалалық білім беру бөлімінің басшы бұйрығымен реттеледі.

12. Турнирдің іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған командалар турнирдің қорытынды кезеңіне қатысады.

13.Қалалық Турнирдің қатысушылар саны: әр мектептен 3 қатысушыдан құралған команда: оның ішінде 2 білім алушы + 1 жетекші

(команда жаттықтырушысы). Бір мектеп бір команда ұсынады (мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде оқитын).

14. Карантин кезіндегі турнирдің барлық кезеңдері санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей жүргізіледі.

5. Турнирді өткізу шарты және тәртібі

15. Ұйымдастыру комитеттері Турнирді өткізу шарты мен тәртібін өздігінен анықтайды.

16. Турнирдің барлық кезеңдері британдық парламенттік формат (АПФ) бойынша өткізіледі (2-қосымша).

17. Турнир екі айналымда өткізіледі. Бірінші айналым – іріктеу раундтары. Екінші айналым – негізгі ойындар: жартылай финал және финал.

Бірінші күні іріктеу ойындары 3 раундтан тұрады. Әр раундқа бір қарар беріледі. Іріктеу ойындарында қарсылас командалар жеребе бойынша іріктеледі. Сол командалар іріктеу кезеңінде бір рет кездеседі.

Іріктеу ойындарының үшінші раунды аяқталғаннан кейін негізгі ойындарға дайындық жүргізіледі. Ол үшін әр команданың үш раундтағы нәтижелері жазылады, ұпайлардың жалпы саны есептеледі және пікірталасқа қатысушылардың әрқайсының дәрежелері оларды қосу арқылы анықталады. Жалпы нәтижесі жиынтық ведомосіне енгізіледі. Іріктеу ойындарының нәтижелері жарияланғаннан кейін ширек финалға шыққан командалар анықталады. Жартылай финалға әр тіл тобы бойынша іріктеу кезеңінің жеңімпаздары шығады.

Финалдың қорытынды кезеңінде командаларға бір қарар беріледі. Жартылай финалдың қорытындысы бойынша финалға жеңімпаз командалар шығады. Жартылай финалдың жеңімпаздары финалда кездеседі.

18. Командалардың тақ саны келген жағдайда, бір команда, ұйымдастырушылар толыққанды ойын өткізу үшін "техникалық команданы" ұсынады.

19. Төрешілікті дебаттық клубтардың тәжірибелі дебатерлері қатарынан төрешілер алқасы жүзеге асырады. Төрешілер алқасы ойынды үзуге айрықша құқығы бар турнирдің Бас төрешісін таңдайды. Турнирдің Бас төрешісінің дебат нәтижелеріне қатысты шешімі қалған төрешілердің нәтижелерімен бірдей ескеріледі. Турнир кестесін Бас төреші жасайды.

20. Турнирдің Бас төрешісінің қарауы бойынша әр раунд үшін төрешілер алқасы үш адамнан құрылады. Жартылай финалда және финалда дебатты үш төреші бағалайды.

Олардың бірі басты болып тағайындалады, ол Ережеге сәйкес пікірталасқа қатысушыларды шақырып, наразылық туралы мәлімдемелерді қарайды, спикерлерге өз орындарын алуға шақырады және бір уақыт

сақтаушыны тағайындайды. Тайм-киперлер дебатқа қатысушылардың өз өнерлеріне бөлінген уақытты қалай басқаратынын қадағалайды.

21. Бас төреші раунд 15 минуттан кейін басталатынын хабарлайды. Барлығы тақтаға қарап отырады. Экранда раундтың шешімі көрсетіледі. Хабарландырудан кейін ойыншылар шешімді түсініп, істі ойластырып, жақсы дәлелдер дайындауы керек, басқа командалар не айтатынын болжап, бәрін біртұтас етіп біріктіруі керек.

22. Ойыншылар үшін ақпараттың жалғыз көзі – серіктесі және өздерімен бірге әкелген кез-келген жазбаша материалдар. Ойын барысында интернеттен ақпарат іздеуге және жалпы электронды құрылғыларды пайдалануға рұқсат берілмейді.

23. Турнир кезінде әр төреші балл мен түсініктемелерді бағалау парағына (ballet) енгізеді (3-қосымша). Төреші раундтың жалғыз және өкілетті төрешісі және оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Егер турнирде төрешілер алқасы 3 төрешіден құралса, бұл жағдайда олар өз шешімдерін 15 минут ішінде бір-бірімен талқылайды, ал төрешілердің көпшілігі дауыс берген командаға жеңіс беріледі.

Пікірсайыстар аяқталғаннан кейін төреші алқалары пікірсайыстарға жалпы баға беруге, қабылданған шешімді түсіндіруге және жақсарту қажет болатын сәттерді көрсетуге міндетті.

24. Төрешілік өлшемдері:

- 1) өзектілігі;
- 2) дәлелденуі;
- 3) маңыздылығы;
- 4) шынайылығы.

25. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер командалық және спикерлердің жеке сынақтарында анықталады. Жеке раундта жеңіс үшін команда 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай алады.

Спикерлік сөз сөйлеулер 1-ден 30-ға дейін ұпай жүйесімен бағаланады.

Ұпай саны бойынша әр жас санатында тіл тобында Турнирдің үздік спикерлері анықталады.

6. Қатысушыларды марапаттау

26. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтар және үш дәрежедегі арнайы дипломдарға ие болады. Жеңімпаз -команда жаттықтырушылары құнды сыйлықтар және алғыс хаттармен марапатталады.

Жеңімпаз -команда ауыспалы кубокпен марапатталады. Турнирдің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі. Финал кезеңінің командасы Құрмет грамотасымен белгіленеді.

Турнирде үздік қатысушылар қосымша әрбір тілдік лигада «Үздік спикер» номинациялар бойынша дипломдармен марапатталады.

Ережеге 1-қосымша

**«Заң, әділеттілік және ақыл-ой» оқушылардың қалалық
дебаттық турниріне қатысуға өтінім**

Оқыту тілі	Телефон	Есепте тұрған балалар			Әлеуметтік статус			Оның ішінде АСП алатын	Сынып статусы			Жетекші ТАӘ (ұялы тел)
		КТЖ	МІБ	«қауіпті топ»	а/к	к/б	Жетім балалар		Лицей	Гимн.	Углубл.	

Ережеге 2-қосымша

Американдық парламенттік формат

Америкалық парламенттік формат (АПФ) – бұл *Парламенттік* тұрпаттағы дәйектердің, тапқырлықтың және риторикалық қасиеттердің сайысы. Әрқайсысы екі ойыншыдан тұратын екі команда – *Үкімет* пен *Оппозиция* қаралуға ұсынылған *қарарды* талқылайды. Әр раундқа жаңа *қарар* таңдап алынады. Пікірсайыс барысын Палата Спикері басқарады, сонымен бірге сайыстың төрешісі қызметін атқарады. Егер раундта бірнеше адам төрешілік етсе, онда олардың арасынан бір Палата Спикері таңдап алынады. Американдық парламенттік формат дәл зерттеу мен дәлелдер жинауға емес, тез сыни ойлауға, логикалық ойлауға және сараптамалық талдауға негізделген.

Қарар – дебаттардың тақырыбы. Пікірсайыстардағы пікірталас мәселелерінің негізгі тақырыптары – бұл Қазақстан Республикасының тұрақтылығы мен гүлденуі, бұл әрбір азаматтың елдің серпінді дамуына жеке қатысуы, қоғам игілігі үшін жұмыс істеуге деген ықыласы мен қабілеті, туған ел игілігі үшін балалар мен жастардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін іске асыру, Қазақстанның дәстүрлерін сақтау және мәдени мұрасын көбейту.

Спикер және оның сөзі:

Премьер-министрдің (ПМ) конструктивті сөзі - 7 минут:

бірінші спикер пікірталастың анықтамасын (немесе моделін / механизмін) белгілейді, олар оппозиция командасына пікірталасқа қолайлы орын беру үшін тақырыптың қарапайым мағынасына жақын болуы керек; өзінің кейсін нақты және айқын таныстырады; кейсті бірнеше тәуелсіз дәлелдер көмегімен қолдайды.

Оппозиция көшбасшысының конструктивті сөзі (ОК) – 8 минут.

үкіметтің механизміне, анықтамасына, қалыптасқан жағдайына қарсы шығуы мүмкін, бірақ сіздің механизміңіздің, анықтамаңыздың, қалыптасқан жағдайдың шын мәнінде сәйкес келетінін анықтап түсіндіру қажет;

үкіметтің дәйектерін терістейді;
өзінің кейсін нақты және айқын таныстырады;
кейсті бірнеше тәуелсіз дәлелдер көмегімен қолдайды.

Премьер-министр орынбасарының конструктивті сөзі (ПМО) – 8 минут:

оппозицияға шабуыл жасайды;
үкімет кейсін нығайтады;
жаңа дәлелдер келтіре алмайды.

Оппозиция көшбасшысы орынбасарының конструктивті сөзі (ОКО) – 8 минут:

үкімет мүшесіне қарсы;
үкімет кейсін нығайтады;
жаңа дәлелдер келтіре алмайды.

Парламенттен сөз сөйлеу (әр адамға сөз сөйлеуге 1 минут, 3 көрерменнен артық емес, әр парламентарий екі позицияға дв қатысы жоқ өзінің субъективті пікірін білдіреді);

Оппозиция Лидерінің сараптамасы (ОЛ) – 4 минут (жаңа дәйектерге және ребатлға тыйым салынған):

пікірталастың негізгі тақырыптарын айтып шығады;
оппонентке қатысты өз кейсінің айқын артықшылығын көрсетеді;
көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия);
қорытынды шығарады.

Премьер-министрдің (ПМ) талдауы – 5 минут (1 мин. ребатл, 4 мин. сараптама, жаңа дәйектерге тыйым салынған);

раундтың қорытындысын шығарады;
раундтың негізгі және сыни кезеңдерін айтады;
оппонентке қатысты өз кейсінің айқын артықшылығын көрсетеді;
көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия);
қорытынды шығарады.

Турнирдің қарары. Келтірілген қарар бойынша команда міндетті түрде өзінің кейсін Американдық парламенттік форматына (АПФ) сәйкес дайындау қажет.

Дәйектеме және сараптама. Бұл – парламенттік дебаттың іргетасы. Тұжырымдар мен эмоцияға ғана жүгінетін топтан, тізбектелген, логикалық

сараптама жүргізген топ сенімді жеңіске жетеді. Дәйектер нақты, сенімді әрі қарсыластардың құндылықтарымен қақтығысты қамтамасыз ететіндей болуы керек.

Мазмұны. Парламенттік дебат фактілер мен статистикаға негізделмесе де, шынайы өмірден алынған мысалдар мен дәлелдерді білу Сіздің позицияңызды нығайту үшін әрдайым көмектеседі. Сізді сараптау міндетінен құтқаратын тірек ретінде дәлелдерді қолданудың қажеті жоқ, дегенмен олар абстрактілі дәйектемені күшейту үшін қызмет ете алады.

Терістеу. Белгілі бір мәселеде өз көзқарасыңызды білдіру жеткіліксіз, қарсыластардың дәйектеріне тікелей қарсы тұрғаныңызға және сәтті қарсы тұрғаныңызға көзіңізді жеткізіңіз. Тағы да, раундта автоматты түрде жеңу не жеңілу үшін ұмытылып кеткен дәйек жеткіліксіз (егер бұл ең маңызды дәйек болмаса), бірақ сіз жеңгіңіз келсе, мықты терістеудің мәні өте зор.

Сөз құрылымы. Төрешілер дәйектері нақты белгіленіп ұсынылған сөзді жоғары бағалайды. Дәйектеменің әр түрлі сызықтары нақты бөлініп тұруы тиіс. Мұны дәйектерге сілтеме жасау арқылы істеуге болады (не басқа да технологияларды қолдануға болады). Ребатлда раундтың ең маңызды тұстарын қысқа әрі мықты қозғап, детальдарға тым беріліп кетпегені жөн.

Сұрақтар. «Сұрақтарды» пайдаланған дебатер раунд бойы артықшылыққа ие болады. Өткір сұрақ қою мен оған тез әрі ұтымды жауап беру арқылы өзіңіздің суырып салма ойлау қабілетіңізді көрсетесіз, бұл қасиетті төрешілер жоғары бағалайды.

Топпен жұмыс. Дебатшылардан топтық жұмыс, бір-бірінің дәйектерін күшейту және раунд бойы философияны біртіндеп дамыту күтіледі. Өз әріптесіңізге қарама-қайшы келмеңіз, одан да ертерек енгізілген дәйекті кеңейтіп, өз әріптесіңізге мақсатқа жетуге көмектесіңіз.

Спикерлік ұпайлар.

Раундқа берілген бағамен қатар төреші әрбір спикерге 1 ден 30 ұпайға дейін «спикерлік ұпай» береді. Өзінің атына қарамастан спикерлік ұпайлар тек спикердің стилистикалық қабілетіне ғана байланысты емес. Дәлірек айтқанда, олар спикер көрсеткен дебаттың жалпы дәрежесін – дәйектеме, сараптама, терістеу стилі мен риторикасын қоса көрсетеді.

Ережеге 3-қосымша

ТӨРЕШІ ПАРАҒЫ (АПФ)

Раунд № _____ Аудитория _____ Уақыт: _____

Қарар: БП _____

_____ Фракция _____